



ЖАСТАРДЫҢ БАСТАМАСЫ

3-БЕТ | ТАЗА ҚАЗАҚСТАН



«ШАБЫТ» ТЕАТРАЛДЫҚ ЖОБАСЫ

5-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНЕН
ЖАСТАРДЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

7-БЕТ | ҚОҒАМ



МИНУТНАЯ БЕСПЕЧНОСТЬ –
ПРИЧИНА БОЛЬШОЙ БЕДЫ

11-БЕТ | БЕЗПАСНОЕ ОБЩЕСТВО

№22(161)

7 МАУСЫМ
СЕНБІ
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaŋa Bastau



janabastau
www.janabastau.kz
janabastau1@gmail.com

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

АШЫҚ ДИАЛОГ, НАҚТЫ ШЕШІМДЕР ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІ ТҰРҒЫНДАР

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ БИЛІК

Бүгін Қосшы қаласының әкімі Азамат Есімұлы Қапышев Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес қаладағы Қоғамдық мәдени-спорт кешенінде тұрғындармен кездесу өткізді. Бұл кездесу қала тұрғындарының әкімдікпен тікелей байланыс орнатып, өздерін толғандырған мәселелерді ортаға салуға тамаша мүмкіндік болды.



2-бет

ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУ

ТАЙТӨБЕНІҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Халықпен тығыз байланыс орнатып, жергілікті басқару жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету – қазіргі мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі. Осы орайда Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев кезекті көшпелі кездесуін Тайтөбе ауылының тұрғындарымен өткізді. Мұндай іс-шаралар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын жүзеге асыру жолындағы нақты қадамдардың бірі болып табылады. Билік пен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтатын бұл формат – уақыт талабына сай туындаған жаңа басқару мәдениетінің жарқын көрінісі.

Кездесу барысында ауылдың әлеуметтік-экономикалық тыныс-тіршілігіне қатысты баяндама жасаған Тайтөбе ауылының әкімі Парасат Досмағамбетов

елді мекеннің бүгіні мен болашағына қатысты маңызды мәліметтерді ортаға салды. Ол ауылдағы инфрақұрылымның жаңаруы, коммуналдық қыз-

меттердің сапасын арттыру, кәсіпкерлікті дамыту, әлеуметтік сала мен мәдениеттің өркендеуі жолында атқарылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталды.



4-бет

БЮДЖЕТ

ТҰРҒЫНДАР ТАҢДАЙДЫ, ӘКІМДІК ІСКЕ АСЫРАДЫ

Маусым – көктемде басталған үлкен істің жалғасы. Сол кезде тұрғындар белсенділік танытып, өз ойларын ортаға салып, маңызды жобаларға дауыс берсе, енді міне, сол бастамалар нақты іске асуда. «Халық қатысатын бюджет» жобасы арқылы қаламыз өз болашағын тұрғындардың тілегімен қатарластырып, армандарды ақиқатқа айналдыру жолында нық қадам басып келеді.

6-бет

ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУГЕ КӨМЕК БЕРІЛДІ

«Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы аясында, қоғамдық қауіпсіздікті нығайту және құқықтық мәдениетті арттыру мақсатында Қосшы қаласының әкімдігі ғимаратының акт залында республикалық «Халық заңгері» акциясы ұйымдастырылды. Маңызды шара тәжірибелі заңгерлер мен құқық қорғау органдарының өкілдерін бір арнаға тоғыстырып, қала тұрғындарына кәсіби әрі тегін құқықтық көмек алуға мүмкіндік берді. Қазіргі заман талабына сай мұндай қолдау аса қажет әрі өзекті.

2-бет

МЕРЕЙ

ЕЛГЕ ЖАНАШЫР ТҰЛҒА

«Сенімен Болашақ» РҚБ құрылтайшысы, қоғам қайраткері Нұркен Жарылғапұлына 45 жасқа арнау

Халқының қамын ойлап, өскелең ұрпақтың болашағына алаңдайтын, қоғамның әлеуетіне шын жанашыр азаматтар сирек. Солардың бірі де бірегейі – «Сенімен Болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы, қоғам қайраткері Нұркен Жарылқапұлы.

Нұркен Жарылқапұлы – ел ішіндегі отбасылық тәрбие, ата-аналар мәдениеті мен ұрпақ тәрбиесі салаларында батыл бастамалар көтеріп, мыңдаған ата-ананың сеніміне ие болған тұлға. Қоғам мен мектеп арасындағы алтын көпірді нығайту жолында атқарған қызметі – ұлт болашағына қосылған баға жетпес үлес.

Биыл ел игілігі жолында елеулі еңбек етіп жүрген ел азаматы 45 жасқа толып отыр. Бұл – кемел шақ, рухани тереңдік пен азаматтық жауапкершіліктің толысқан кезеңі.

Сіздің елге, ұрпақ тәрбиесіне сіңірген еңбегіңіз зор. Өмір жолыңыз әрдайым шуақты



болсын. Сізге мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасылық бақыт және еліміз үшін жасар жарқын істер тілейміз!

Гүлбану Бажиева,
Қосшы қаласы «Аналар» кеңесі мүшесі

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ БИЛІК

АШЫҚ ДИАЛОГ, НАҚТЫ ШЕШІМДЕР
ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІ ТҰРҒЫНДАР

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ



(Басы 1-бетте)

Қала әкімі өз сөзінде қаланың әлеуметтік, экономикалық және инфрақұрылымды дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, алдағы уақыттағы жоспарларымен бөлісті. Бұл, әрине, қаланың болашақ даму бағыттары туралы ақпараттық ашықтықты қамтамасыз етеді.

Кездесу барысында қала тұрғындары бірқатар өзекті мәселелерді көтерді. Олардың арасында орталық көшелердің тарлығы, қала ішінде жарықтың жиі сөнуі сияқты инфрақұрылымдық кемшіліктер айтылды. Сондай-ақ тұрғылықты мекенжайы жоқ азаматтарды жұмысқа тарту қажеттігі де назардан тыс қалмады. Көпқабатты тұрғын үйлердің балалар алаңқайларының жағдайы сынға алынып, жауапты мердігерлерден уақытылы жөндеу жұмыстарын жүргізу сұралды.

Лесная поляна тұрғын ауданының аллеясына егілген гүлдердің күтімі де тұрғындарды аландатты. Егілген өсімдіктердің уақытылы суарылмай, күтімсіздігіне наразылық білдірілді. Қосшы қаласының «Ардагерлер кеңесі» мүшелері әкімнен хорды материалдық тұрғыдан қолдауды сұрады, әйтпесе музыкалық топтың тарап кету қаупі барын жеткізді.

Бұдан бөлек, белсенді тұрғындар жазғы демалыс уақытында түнімен бақылаусыз көшеде жүретін балалар мен жасөспірімдердің көптігіне алаңдаушылық білдіріп, ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажеттігін айтты. Олай болмаған жағдайда

жоғалған немесе күтпеген оқыс жағдайға тап болғандардың саны көбею қаупі бар екендігі ескертілді. Қаланың кескін-келбетіне нұқсан келтірген ретсіз дүңгіршектер мен дүкендерді бақылауға алуды сұраған тұрғындар да болды. Әкімдік тарапынан бұл өзекті мәселелер жауапсыз қалмады. Мекеме басшылары қойылған әр сұрақты мұқият тыңдап, тиісті жауаптарын берді. Көтерілген ұсыныстардың барлығы назарға алынатындығы айтылды.

Әкім мен халықтың мұндай кездесулері жергілікті билік пен тұрғындар арасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайтуда үлкен рөл атқарады. Бұл тек ақпарат алмасу алаңы ғана емес, сонымен қатар қаланың нақты қажеттіліктерін анықтауға және оларға тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Тұрғындардың тікелей қатысуы жергілікті мәселелерді шешудегі қоғамдық бақылауды күшейтіп, қаланың дамуына өз үлестерін қосуға ынталандырады. Мұндай кездесулер тұрақты түрде өткізіліп, көтерілген мәселелер бойынша нақты іс-шаралар жүзеге асырылса, Қосшы қаласының дамуына оң серпін беретіні сөзсіз. Қала тұрғындарының белсенділігі мен биліктің ашықтығы Қосшы қаласын өркендеген, ыңғайлы және қауіпсіз мекенге айналдыру тетігі іспеттес.

(Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышевтың тұрғындармен өткен есепті кездесуі туралы мақаланың толық нұсқасын газетіміздің алдағы санынан оқитын боласыздар)

Гүлназ БИСЕН

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

СӘРСЕНБІНІҢ СӘТІНДЕ

Қосшы тұрғындары өзекті мәселелерін ашық айтып, тікелей жауап алу мүмкіндігіне ие болды. Қоғаммен кері байланыс орнату мақсатында өткен қоғамдық қабылдау Қалалық мәслихатының депутаты Болат Абдрахмановтың бастамасымен ұйымдастырылып, қала әкімдігі және Қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуымен өтті.



Қабылдау барысында азаматтар тарапынан көптеген тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы түйткілдер, жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау, мал ұстау ережелерінің сақталуы, ауыз су мен электр энергиясына қолжетімділік, жолдардың сапасы мен оларды жөндеу мәселелері кеңінен талқыланды. Әсіресе кейбір шағынаудандарда инфрақұрылым жеткіліксіздігі, электр жарығының тұрақсыздығы және ауыз су сапасының төмендігі жиі көтерілді.

Қалалық әкімдік өкілдері әр сұрақ бойынша нақты мәлімет ұсынып, қандай жұмыстар атқарылып жатқанын және алдағы жоспарларды ашық баяндады. Өз кезегінде қала басшылығы көтерілген мәселелер бойынша жауапты құрылымдарға нақты тапсырмалар жүктеп, бақылауға алынатынын атап өтті.

Қоғамдық қабылдау – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырудағы нақты қадам. Ашық диалог пен шынайы кері байланыс форматы тұрғындардың ұсыныс-пікірін билікке тікелей жеткізуге жол ашады. Мұндай кездесулер биліктің халық алдындағы ашықтығы мен есептілігін арттырып, жергілікті деңгейде жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Әрбір айтылған пікір – мемлекет дамуы жолындағы маңызды мәлімет көзі екенін айта кеткен жөн.

Халықтың үніне құлақ асу – дамудың даңғыл жолы. Ал тұрғындардың ұсынысын тыңдап, нақты шешім қабылдау – мемлекет пен қоғам арасындағы сенім көпірін нығайтудың басты тетігі.

ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМА

Қосшы қаласының Мансап орталығы жұмыс тәжірибесі жоқ жас мамандарды жастар практикасы бағдарламасына қатысуға шақырады. Жаңадан еңбек жолына қадам басқан, соңғы бес жыл ішінде колледжді немесе жоғары оқу орнын тәмамдаған түлектерге мамандығына сай алғашқы тәжірибе жинақтауға жол ашылады.

ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН МҮМКІНДІК

Жастар практикасы – кәсіби машықты дамытып, тұрақты жұмысқа орналасуға негіз болатын әлеуметтік жоба. Қатысушылар өз саласы бойынша нақты жұмыс орнына жіберіліп, тәлімгерлердің көмегімен еңбек нарығына бейімделеді.

Бағдарлама шарттары:

- Ұзақтығы – 12 ай;
- Жалақысы – 30 айлық есептік көрсеткіш (117 960 теңге);
- Қатысу талаптары – соңғы 5 жылда оқу орнын аяқтаған және ресми жұмыс өтілі жоқ азаматтар.

Жұмыс берушілер үшін аталмыш бағдарлама – болашақ мамандарды тәрбиелеудің



тиімді тәсілі. Ал жастар алғашқы еңбек жолын сенімді бастауға мүмкіндік алады.

Толық ақпаратты Мансап орталығынан білуге болады. Байланыс телефоны: +7 747 173 7275

ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ
ШЕШУГЕ КӨМЕК БЕРІЛДІ

(Басы 1-бетте)

Қосшының белсенді азаматтары өздерін толғандырған, күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі құқықтық мәселелер бойынша кеңес алып, жан-жақты әрі сенімді жауаптарға ие болды.

Акцияны ұйымдастыру және өткізу мемлекеттік негізгі институттардың – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік, Әділет министрлігі, Адвокаттар республикалық коллегиясы және жергілікті билік органдарының үйлесімді және жемісті ынтымақтастығының нәтижесі.

Биылғы іс-шара «Заң және тәртіп» ұранымен өткізіліп, қоғамдағы заңға бағынудың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің маңыздылығын айшықтай түсті.

Қаланың көптеген тұрғындары «Халық заңгері» акциясының оларға кәсіби құқықтық көмекті қолжетімді ететініне ризашылықтарын білдірді. Олар мұндай шаралардың тек

құқықтық мәселелерді шешіп қана қоймай, мемлекеттік құрылымдарға деген сенімді арттыратынын және азаматтардың өздерін қорғау құқығын түсінуіне септігін тигізетінін атап өтті. Азаматтар ұйымдастырушылардың ашықтығын, әр өтінішке мұқият көңіл бөлегенін жоғары бағалап, болашақта құқықтық қиындықтардан қорғануға көмектесетін пайдалы кеңестер алғандарын жеткізді.

Нәтижесінде «Халық заңгері» акциясы тұрғындардың құқықтық қолдау деңгейін елеулі түрде арттырып, сыбайлас жемқорлықпен күрес, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және өмір сүруге қолайлы орта қалыптастыру сияқты мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттарын нығайтуға зор ықпал етті. Қосшыда осындай шаралар кешенді және жүйелі түрде жүзеге асырылып, тұрғындардың өмір сапасын арттырып, мемлекеттік институттарға сенімді бекемдеп, қаланы әрбір азаматқа қауіпсіз әрі тұрақты мекенге айналдыруға мүмкіндік береді.

Бетті дайындаған **Дәулет АСАУ**

ЭКОЛОГИЯ

ЖАСТАРДЫҢ БАСТАМАСЫ

«ЖАСЫЛ ЕЛ – 2025» ЕҢБЕК МАУСЫМЫНЫҢ ҚОСШЫДАҒЫ САЛТАНАТТЫ АШЫЛУЫ

«Жасыл ел» – бұл экологиялық тәрбие мен патриотизмді ұштастыратын бірегей бағдарлама. Биылғы жылы 15 пен 35 жас аралығындағы жастар, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан жастар, техникалық және кәсіптік білім беру студенттері, жұмыссыз жастар, сондай-ақ NEET санатындағы жастар жұмыс істейді.

Жаңа маусымның ашылуында сөз сөйлеген Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев жастарды шын жүректен құттықтап, бұл жобаның туған жерді көркейтуге бағытталған маңызды қадам екенін атап өтті. Әкім жастардың белсенділігі мен табиғатты аялауға деген жанашырлығының өте маңызды екенін жеткізіп, соңғы үш жыл ішінде осы еңбек жасағымен ауқымды жұмыстардың атқарылғандығын мақтауға тұрарлық іс деп бағалады.

Жоба жетекшісі, «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының төрағасы Асхат Бағдатұлы өз сөзінде «2005 жылдан бері «Жасыл ел» жасағы еліміздің әр өңірінде жұмыс атқарып келе жатыр екен. Ел болып абаттандыру, көркейту жұмыстары белсенді түрде жүргізіліп жатқандығы қуантады. Даму қарқыны жоғары Қосшы үшін де мұндай жасақ, жобалардың маңызы биік. Жастардың жазғы уақытын тиімді пайдаланып, экологиялық мәдениет қалыптастыруға үлкен қолдау болған ел ағаларына

Қосшы қаласының Қоғамдық мәдени-спорт кешенінің ауласында «Жасыл ел – 2025» еңбек маусымының ашылу салтанаты өтті. Бұл бастама Қазақстан бойынша экологиялық мәдениетті қалыптастыру және жастарды табиғатты қорғауға тарту мақсатында қолға алынды. «Жасыл ел» республикалық жастар қозғалысы жаңа маусымын салтанатты түрде бастап, жастардың табиғатқа деген жанашырлығын оятуға бағытталған маңызды қадам жасады.



айтар алғысымыз шексіз!» деп жасақтың алдына қойылған мақсат-мүддесіне тоқталып өтті.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев

өзінің бірқатар жолдаулары мен мәлімдемелерінде экологиялық мәдениеттің маңыздылығын және қоршаған ортаны қорғауға жастарды тартудың қажеттілігін үнемі атап

өтеді. Мемлекет басшысы экологиялық мәселелерге ерекше назар аударып, жастардың осы бағыттағы белсенділігін қолдайды. Президенттің пікірінше, экологиялық

сананы қалыптастыру – бұл ұлттық қауіпсіздіктің, болашақ ұрпақтың денсаулығының және елдің тұрақты дамуының негізі. Ол «Жасыл Қазақстан» тұжырымдамасы аясында жастарды экологиялық акцияларға, ағаш отырғызу науқандарына және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жобаларға белсенді қатысуға шақырды. «Жасыл ел» сияқты бағдарламалар Президенттің осы бастамаларымен толықтай сәйкес келеді және оның экологиялық білім мен тәрбиеге деген басымдығын көрсетеді.

Жобаның негізгі мақсаты – жастарды табиғатты қорғауға, көгалдандыру жұмыстарына және экологиялық мәдениетті дамытуға кеңінен тарту. Осы жылы жас белсенділер қалалық көгалдандыруда және экологиялық акцияларда жұмыс істейді деп күтілуде. Қосшы қаласында бұл жоба үшінші рет жүзеге асырылмақ. Биылғы еңбек маусымына 90 адам тартылады. Олар маусым-шілде, шілде-тамыз айларында жұмыс істеп, 85 000 теңге көлемінде төлемақы алады.

«Жасыл ел» қозғалысы Қазақстанның жасыл болашағын қалыптастыруға үлкен үлес қосып, жастардың бойында табиғатқа деген жауапкершілік сезімін дамытуда маңызды рөл атқарады.

Гүлназ БИСЕН

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЖАСТАР

ЖАСЫЛ ЕЛГЕ ҚОСЫЛАСЫҢ БА?

Тәуелсіз еліміздің даму стратегиясы – «Қазақстан – 2050» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан жастарға арналған маңызды мемлекеттік жоба – «Жасыл ел» бағдарламасы 2005 жылдан бері табысты түрде өз миссиясын атқарып келеді. Жас ұрпақтың қоғамдық өмірге тартылуы мен еңбекке баулудың жарқын үлгісі ретінде, сондай-ақ еліміздің табиғи байлықтарын сақтап, елді мекендерді көркейтуге бағытталған маңызы зор бастама ретінде 2025 жылы «Жасыл ел» науқаны Қосшы қаласы мен Тайтөбе ауылында маусымдық еңбек жасақтарын қалыптастыру арқылы жалғасын тауып, жастардың белсенді қатысуымен жүзеге асырылуда.

Бұл жобаға 15-35 жас аралығындағы барша жастар шақырылады. Әсіресе, әлеуметтік жағынан осал, «NEET» (оқымайтын, жұмыс істемейтін) санатындағы жастарға ерекше көңіл бөлінеді. Олар қоғамға араласуы үшін еңбек дағдыларын меңгеріп, өмірге деген сенімін арттыруы – басты мақсат. Жасыл желектерді күтіп-баптау, саябақтар мен гүлзарларды көгалдандыру, қала көшелерін тазалау мен абаттандыру – жастардың қолынан келетін қайталанбас маңызды істердің бірі.

Жұмыс мерзімі – бір ай. Ай сайынғы жалақы – 85 000 теңге, ал еңбек уақыты Еңбек кодексінің талаптарына сай 15-18 жас аралығындағы жасөспірімдер үшін аптасына 36 сағат, ал 18-35 жас аралығындағы жастарға аптасына 40 сағаттан аспайды. Бұл шара жастарды уақытша жұмыспен ғана қамтып қоймай, оларға азаматтық жауапкершілік пен табиғатқа сүйіспеншілікті дарытады.

«Жасыл ел» бағдарламасы – «Қазақстанның жасыл даму» ұлттық жобасы мен «Жастар туралы» заңға сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік



Фотосурет: Ала жылың (Бастау қозғалысы)

саясаттың маңызды құрамдас бөлігі. Бұл бағдарлама еліміздің тұрақты дамуы мен әлеуметтік теңдігін қамтамасыз етуге бағытталып, жастарды еңбекпен қамтып, олардың бойына ұлт алдындағы парыз бен ортақ мүддені сіңіруге септігін тигізеді.

Жергілікті атқарушы органдардың үйлестіруімен жүзеге асырылып жатқан бұл бастама – жастарға өз уақытын тиімді өткізуге, еңбек дағдыларын жетілдіруге, туған жеріне деген махаббат пен жауапкершілікті арттыруға зор мүмкіндік береді. Соңғы жылдары республика бойынша 30 мыңнан астам жас маусымдық еңбекке тартылды, ал 2025 жылы бұл көрсеткіш арта түседі деген сенім бар.

– Мен өткен жылы «Жасыл ел» бағдарламасына қатыстым. Бұл мен үшін тек табыс көзі ғана емес, жаңа достар табу, табиғатқа қамқорлық көрсету және өзімді жетілдіру жолындағы маңызды тәжірибе болды. Қала көрікті, таза болып өзгерді, біз жасыл желектердің күтімі мен гүлзарларды суарумен айналыстық. Бұл маған өмірлік үлкен сабақтар мен жауапкершілікті үйретті, – дейді 19 жастағы студент Әйгерім.

Бұл бағдарлама жастарға еңбек мәдениетін қалыптастырып, топ болып жұмыс істеу қабілетін дамытып,

қоғамдық маңызы бар іспен айналысуға жол ашады. Әрбір қатысушы өз еңбегінің жемісін көріп, жауапкершілікті терең сезіне бастайды.

– Жастардың осындай еңбекпен айналысуы өте маңызды. «Жасыл ел» бағдарламасы оларға жауапкершілікті, тәртіпті және табиғатқа қамқорлықты үйретеді. Біздің кезімізде мұндай жүйелі жобалар өте аз болды, сондықтан жастардың осылайша өз қолымен табиғатты абаттандыруға белсенді түрде атсалысуы – үлкен жетістік, – дейді ақсақал Нұржан Оспанов. Ол сондай-ақ, қала аумағын көгалдандыру мен таза ұстау – болашақ ұрпаққа таза, салауатты, көркем орта қалдырудағы ең асыл міндет екендігін атап өтті.

«Жасыл ел – 2025» бағдарламасы – тек жасыл желектерді күтіп-баптау ғана емес, әрбір жас азаматтың бойына патриоттық сезім, табиғатқа жанашырлық пен қоғамдық жауапкершілікті сіңірудің ең сенімді жолы. Таза табиғат – елдің байлығы, ал жастардың еңбегі – сол байлықтың сақтаушысы.

Бағдарламаға қатысуға ниет білдіргендер төмендегі байланыс телефоны арқылы толық ақпарат ала алады: +7 747 804 8068.

Жан НҰРАХМЕТ

АБАТТАНДЫРУ

ҚАМҚОРЛЫҚТАН БАСТАЛАТЫН КӨРКЕМДІК

Қала келбеті – елдің айнасы. Бүгінде Қосшы қаласында абаттандыру және көгалдандыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып, тұрғындарға жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға ерекше назар аударылып келеді.

Қосшы қаласының көрікті көшелері мен саябақтарының сән-салтанатын сақтау, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мамандар ағаштардың жай-күйін жақсартуға, олардың өсуін және дамуын бақылауға көп көңіл бөлуде. Қала бойынша жүргізіліп жатқан абаттандыру жұмыстары аясында құрғақ, зақымданған және қажетсіз бұтақтар мұқият кесіліп, жасыл желектердің сұлулығы мен үйлесімділігін артты-

бағытталған бұл шаралар Қосшы қаласының тұрғындары үшін қауіпсіздікті арттырады. Сонымен бірге, сау ағаштар қала ауасының сапасын жақсартып, табиғи тынығу аймақтарының жайлылығын қамтамасыз етеді.

Жасыл желектерге дұрыс әрі жүйелі күтім жасау – жайлы әрі тартымды қалалық ортаны қалыптастырудағы ең маңызды міндеттердің бірі. Көркем әрі үйлесімді күтілген ағаштар мен бұталар ауаға таза оттегі бөліп, қаланың экологиялық тепе-теңдігін сақтауға елеулі үлес қосады. Бұл табиғи қорғаныс тұрғындарға таза ауада демалып, табиғат аясында серуендеуге мол мүмкіндік береді әрі өмір сүру сапасын артты-



Фотосурет: Ала жылың (Бастау қозғалысы)

руға ерекше назар аударылуда. Бұл жұмыстар көшелер мен демалыс орындарын көріктендіріп қана қоймай, қаламыздың табиғи ортасын қорғауда да маңызды рөл атқарады.

Ағаштарға жүйелі түрде күтім жасау олардың өмір сүру мерзімін ұзартып, қатал ауа райының қауіптерінен қорғайды. Желдің қатты соққылары секілді табиғат құбылыстарының зиянды әсерін азайтуға

рады. Барша Қосшы қаласының тұрғындарын жасыл аймақтарды таза ұстауға, қоқыс тастамауға, табиғатқа қамқорлықпен қарауға шақырамыз. Әрқайсымыздың табиғатқа деген қамқорлығымыз – болашақ ұрпаққа тартуымыздың ең асыл аманаты болып табылады.

Жанар СЕЙТБАТАЛҚЫЗЫ

ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі өзгерістерге толы, ал бұл өзгерістер ұстаздардың қызметіне де айтарлықтай әсер етеді. Бүгінгі күні ұстаздар тек білім беруші ғана емес, сондай-ақ тәрбиеші, психолог, кеңесші, әрі оқушының жан-жақты дамуына ықпал ететін тұлға болып табылады. Осыған байланысты қазіргі заманғы ұстаздарға қажетті дағдылар мен қасиеттер ерекше мәнге ие.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҰСТАЗДАРҒА ҚАЖЕТТІ ДАҒДЫЛАР МЕН ҚАСИЕТТЕР

- 1. Цифрлық дағдылар**

Жаңа ақпараттық технологиялар мен цифрлық құралдардың қарқынды дамуы ұстаздардың кәсіби қызметіне үлкен өзгерістер әкелді. Қазіргі ұстаздың міндеті – білім беру үрдісін заманауи технологиялармен үйлестіру, электронды оқыту платформаларымен жұмыс істей білу және интернет-ресурстарды тиімді пайдалану. Бұл ұстаздар мен оқушыларға жаңа ақпараттарды тиімді меңгеруге, онлайн сабақтарды ұйымдастыруға және білім беру процесін барынша қолжетімді етуге мүмкіндік береді.
- 2. Коммуникациялық дағдылар**

Ұстаздардың коммуникативті дағдылары қазіргі уақытта айрықша маңызды. Бұл дағды тек оқушылармен қарым-қатынас құруда ғана емес, сонымен қатар ата-аналармен және әріптестермен де тиімді сөйлесу үшін қажет. Ұстаздар әртүрлі оқушылармен жұмыс істейді, олардың жеке қасиеттері мен ерекшеліктеріне сай тіл таба білуі қажет. Осы орайда ұстаздың эмоционалдық интеллекті (EQ) маңызды рөл атқарады.

- 3. Креативтілік және инновациялық тәсілдер**

Білім беру процесі шығармашылық пен инновацияны талап етеді. Ұстаз жаңа әдіс-тәсілдер мен оқу стратегияларын енгізу арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың білімге деген ынтасын оятады. Қазіргі кезде оқу бағдарламалары да үнемі жаңартылып, әдістемелік құралдар өзгеруде, сондықтан ұстаз өз жұмысында жаңа тәсілдерді тиімді қолдана білуі керек.

- 4. Жеке тұлғаға бағдарлану**

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушының жеке қажеттіліктерін ескеру маңызды. Ұстаз әр оқушының даму ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін түсініп, оған сәйкес оқыту әдістерін қолдануы қажет. Индивидуалды тәсілдер, оқушының күшті жақтарын дамыту, әлсіз тұстарын қолдау – ұстаздың кәсіби шеберлігін көрсететін көрсеткіштердің бірі.

- 5. Әлеуметтік және этикалық жауапкершілік**

Ұстаздардың қоғамдағы рөлі зор. Олар өз оқушыларын тек біліммен ғана емес, адамгершілік құндылықтармен де тәрбиелеуі тиіс. Ұстаздың әдебі, моральдық ұстанымдары, әділеттілігі мен шыдамдылығы оқушыларға үлгі болуға тиіс. Сонымен қатар ұстаз өз ісінде әлеуметтік мәселелер мен инклюзивті білім беру принциптерін ескеріп, әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан оқушыларға бірдей қолдау көрсетуі қажет.

- 6. Білімді және құзыретті болу**

Қазіргі заманғы ұстаздар тек өз пәнін жетік меңгеріп қана қоймай, әлемдік білім беру үрдісіндегі жаңалықтардан хабардар болуы керек. Олар үнемі білімін толықтырып, кәсіби біліктілігін арттырып отыруы тиіс. Бұл үшін ұстаздар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп,



курстар мен семинарларға қатысуы маңызды. Ұстаздың жоғары білімі мен кәсіби құзыреттілігі білім беру сапасын жақсартудың негізгі шарттарының бірі болып табылады.

- 7. Психологиялық тұрақтылық және стресске төзімділік**

Ұстаздың жұмысында қиындықтар мен стресс көп кездеседі. Оқушылардың әртүрлі мінез-құлықтары, ата-аналармен қатынас, оқу үрдісіндегі кедергілер ұстазға психологиялық қысым жасау мүмкін. Сондықтан қазіргі ұстаздардың психологиялық тұрақтылығы мен стресске төзімділігі маңызды. Психологиялық қолдау көрсету және өз-өзін басқару дағдысы ұстазға оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.
- 8. Лидерлік және ынтымақтастық дағдылары**

Қазіргі заманғы ұстаз – командалық жұмыстың бір бөлігі. Ол тек сабақ өткізіп қана қоймай, әріптестерімен, ата-аналармен және басқа да білім беру ұйымдарымен тиімді ынтымақтастықта болуы тиіс. Лидерлік қасиетке ие ұстаз өз оқушыларын да, әріптестерін де біріктіруі, оларды ортақ мақсатқа жұмылдыруы керек. Сонымен қатар ұстаздардың басқа ұстаздармен тәжірибе алмасуы мен өзара көмек көрсетуі маңызды.

Жанат Әділбек, ІТ мектеп-лицейінің химия-биология пәні мұғалімі

ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУ

ТАЙТӨБЕНІҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

(Басы 1-бетте)

Сонымен қатар тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған алдағы жоспарлар да атап өтілді. Кездесу ашық диалог форматында өтті. Әр тұрғынның өз ойын айтып, көкейіндегі мәселелерін ортаға салуға мүмкіндік берген ізгі алаң болды. Ауыл жұртшылығы өздерін мазалайтын нақты мәселелерді тікелей билік өкілдеріне жеткізіп, бірге шешу жолдарын талқылады. Атап айтқанда, сапалы ауызсуға тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету, тұр-

мыстық қалдықтарды жүйелі түрде шығару, ішкі жолдарды жөндеу мен жаңа жолдар салу, жарықтандыру жүйесін ретке келтіру және тұрақты электрмен жабдықтау сынды маңызды мәселелер көтерілді. Бұлардың әрқайсысы – ауыл халқының әл-ауқатына тікелей әсер ететін өзекті жайттар. Сондай-ақ тұрғындар шағын және орта бизнесті дамытуға қатысты ұсыныстарын жеткізді. Елді мекендегі кәсіпкерліктің дамуы – жергілікті экономиканың тірегі әрі жұмыс орындарын ашудың басты тетігі екендігі баса айтылды. Ауылдағы кейбір көшелеріндегі

ӨРЛЕУДЕГІ ӨРЕЛІ ҰСТАЗ

ӨЗ ІСІНІҢ МАМАНЫ

Білім – ұлт болашағының негізі. Осы бағытта сапалы әрі жаңашыл ұстаздарды дайындауда «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының рөлі ерекше. Сол орталықтың іскер де тәжірибелі маманы – «Ақмола КДИ» жаратылыстану-математикалық бағыт кафедрасының аға оқытушысы Аяжан Есімбайқызы Әсембаева.

Аяжан Есімбайқызы – өз ісіне адал, әр сабағында жаңашылдық пен әдістемелік шеберлікті үйлестіре білетін ұстаз. Ол тыңдаушылармен ашық байланыс орнатып, тәжірибелік бағыттағы оқытудың тиімді тәсілдерін үйретіп келеді. Саралап оқыту сынды заманауи педагогикалық тәсілдер бойынша жүргізген курстары тыңдаушылардың оң бағасын алып жүр және Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында сабақтар ұйымдастырып, пән мен тәрбие үрдісінің өзара байланысын көрсете білді. Сабақтарда мұғалімдерге құндылыққа негізделген оқытудың мазмұны, тәрбие бағыттары мен құндылықтарды пәнге кіріктіру жолдары жан-жақты түсіндірілді. Тыңдаушылар бұл бағдарламаның білім мен тәрбие бірлігін қамтамасыз етуде маңызы зор екенін іс жүзінде ұғынып, тәжірибелік тапсырмалар арқылы меңгерді.

Осындай мазмұнды сабақтар ұстаздарға тек әдістемелік қолдау ғана емес, адамгершілік, еңбек, жауапкершілік сияқты құндылықтарды сабақ арқылы сіңіру жолдарын үйренуге мүмкіндік берді. Курс барысында тыңдаушылармен тығыз байланыста жұмыс жасап, әр сабағын тәжірибемен ұштастыра білді. Мұғалімдер тек теориялық біліммен ғана шектелмей, заманауи әдістемелерді меңгеріп, топтық жұмыс, кері байланыс, бағалау тәсілдерін тиімді қолдануды үйренді. Курс аясында ұстаздар нақты практикалық іс-әрекетке араласып, өз пәніне қатысты мазмұнды идеялармен бөлісті. Сонымен қатар экскурсиялық-танымдық бағытта ұйымдастырылған шара аясында облыстық музейіне барды. Бұл мұғалімдердің рухани дүниетанымын кеңейтіп, тарих пен табиғат туралы танымдық көзқарасын арттыруға себеп болды. Мұндай мазмұнды курс нәтижесінде мұғалімдер кәсіби даму, шығармашылық ізденіс пен ынтымақтастық дағдыларын нығайтты. Ұстаздарға бағыт берген әрбір сабағы – тәжірибеге бағытталған, нәтижеге негізделген, шабыт пен сенім сыйлайтын құнды уақыт. Кәсіби этикасы, білімге деген талабы және әріптестеріне деген сыйластығы – оның биік адамгершілік болмысының айғағы. Курс барысында Аяжан Әсембаева ұстаздардың тек кәсіби дамуына ғана емес, экологиялық тәрбие мен жасыл орта қалыптастыруға да баса назар аударды. Тыңдаушылармен бірге жүргізілген экологиялық бағыттағы іс-шаралардың бірі – Қараағаш тұқымын отырғызу болды. Бұл бастама мұғалімдерге табиғатты аялау, жас ұрпаққа экологиялық мәдениет қалыптастырудың маңызын түсіндіру мақсатында ұйымдастырылды. «Білім беру – тек кітаппен шектелмейді, табиғатпен үндесу арқылы да тәрбие беріледі» деген ұстанымды нақты іс арқылы көрсетті. Мұғалімдер Қара-



ағаштың табиғатқа тигізер пайдасы туралы ақпарат алып, оны отырғызу тәсілдерін үйреніп, экологиялық сананы дамыту жолында тәжірибе жинақтады. Аяжан Есімбайқызының еңбекқорлығы, тиянақтылығы мен ізденімпаздығы әріптестері мен тыңдаушылары арасында үлкен құрметке ие. Ол – тек білім беруші емес, сонымен бірге шабыттандырушы, бағыт көрсетуші маман. Ұзақ жылдық тәжірибе мен әдістемелік біліктіліктің нәтижесінде ол тыңдаушылардың сеніміне ие болып, ұстаздардың кәсіби өсуіне үлес қосып келеді. Курстар барысында берілетін теориялық білімді нақты тәжірибемен ұштастырып, заманауи әдістерді шебер қолдана біледі. Курсқа әрбір ауданнан келген ұстаздарға «Математика/жаратылыстану пәнін оқытуда зерттеу және жобалық іс-әрекетті ұйымдастыру және жүргізу» көшпелі-тәжірибелік сабақтар бағдарламасы жасалып, Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының №20 мектеп-гимназиясында семинар ұйымдастырылды. Семинар аясында өз тәжірибесімен бөлісіп, кәсіби шеберлігін көрсеткен ұстаздарға шынайы алғысымызды білдіреміз! Семинада арнайы сабақ берген ұсаздар: Динаш Өтепова, Әсемгүл Коржынбаева, Бақыт Сейтенова, Алтынай Кабденова, Гүлмира Қасымова, Гүлжихан Амантаева, Бақыт Шегенева, Гүлжиян Қалибаева сіздердің ашық сабақтарыңыз – жаңашылдық пен ізденістің, әдістемелік шеберлік пен шығармашылықтың жарқын үлгісі болды. Шеберлік сабақтарыңыз тыңдаушыларға мол идея, жаңа серпін, кәсіби шабыт сыйлады. Білікті маман – білімді ұрпақ кепілі. Аяжан Есімбайқызының еңбегі – болашақ білім сапасына қосылған өлшеусіз үлес.

Гүлбану Аманбайқызы, Рақымжан Қошқарбай атындағы 1 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

ӨНЕР

Жүрекке жол тапқан із: «ШАБЫТ» ТЕАТРАЛДЫҚ ЖОБАСЫ

2025 жылдың ақпан айында ІТ мектеп-лицейінде орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің бастамасымен «Біртұтас тәрбие» бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында ерекше бір рухани жоба – «Шабыт» театралдық жобасы дүниеге келді. Жоба шеңберінде мектеп қабырғасында «Муза» атты театр құрылып, ол оқушылардың жүрегіне жол тапқан шынайы шығармашылық алаңға айналды.

Алғашқы күннен-ақ жоба көпшіліктің көңілінен шықты. Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің қалалық семинарында таныстырылған бұл жоба мұғалімдердің, ата-аналардың ыстық ықыласына ие болып, 2-сыныптан 11-сыныпқа дейінгі оқушылардың белсенді қатысуымен ерекшеленді.

Жоба аясында қойылған спектакльдер:

«Бременские музыканты» (11-сынып)

Ән мен әзілге толы бұл қойылым – еркіндікке ұмтылған шығармашыл жандардың достық пен адалдыққа құрылған оқиғасы. Жас актерлер шынайы көңілмен ойнап, көрермендерді шаттыққа бөледі. Қойылым өмірге деген сүйіспеншілік пен өз жолыңды табудың маңыздылығын жеткізе білді.

«Снежная королева» (9-сынып)

Қойылым шынайы достықтың, жүректен шыққан мейірімнің мұзды да ерітетін құдіретін паш етті. Сахнада әр кейіпкер өз бейнесімен көрермен жүрегін елжіретті. Бұл туынды махаббат пен үміттің символына айналды.

«Три богатыря» (10-сынып)

Бұл қойылымда батырлық пен отансүйгіштік рухы ерекше көрініс тапты. Көне аңыздардан

нәр алған сахналық көріністер оқушылардың орындауында жарқырап, әділдік жолындағы күрес пен бірліктің мәнін көрсетті. Қойылым көрерменге жігер мен сенім сыйлады.

«Соловей и роза» (5-сынып)

Бұлбұлдың жанқиярлық махаббаты туралы бұл философиялық қойылым көрерменді терең ойға жетеледі. Сахнада балғын жүректер шынайы сезімді, сұлулық пен құрбандықты нәзік жеткізді. Бұл қойылым – махаббаттың асқақтығын, шынайы сезімнің мәнін ұғындырған көркем дүние болды.

«Колобок», «Буратино», «Сказка о мёртвой царевне» және тағы басқа ертегілік қойылымдар. Балалардың тәтті қиялы мен жарқын бейнесіне толы бұл қойылымдар кішкентай көрермендерге де, ересектерге де қуаныш сыйлады. Әр қойылымда ізгілік пен әділет, батылдық пен мейірім жеңіске жетті. Түрлі-түсті костюмдер мен шебер ойын сахна сиқырының шынайы куәсіндей әсер қалдырды.

«Шабыт» – тек театр емес, ол – тәрбие, достық, ынтымақ, әдебиетке деген сүйіспеншілік.



Бұл жоба оқушыларға: шығармашылық қабілеттерін дамытуға, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, ұжымда бірлесіп жұмыс істеуге, көркем әдебиетті сезінуге және түсінуге мүмкіндік берді. «Шабыт» жобасының нәтижесінде: Оқушылар арасында достық, түсіністік, сенім артты; Мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы байланыс нығайды; Мектептің рухани өмірі жаңа деңгейге көтерілді;

– Әдебиет пен театр арқылы тәрбиелеу ісі табысты жүзеге асты.

Осы жобаның табысты жүзеге асуына атсалысқан ІТ мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне шын жүректен алғысымды білдіремін! Сіздердің кәсібиліктеріңіз, шығармашылық ізденістеріңіз бен балаларға деген шынайы махаббатыңыз – «Шабыт» жобасының шынайы табысының кепілі.

Әсия Дүйсенова, педагог-шебер, ІТ мектеп-лицейі орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі

ЗАМАҢДАС

ЕРЕКШЕ КІТАПХАНАДА ЕРЕКШЕ ҚОНАҚТАР!

Біз үлкен кітапхана болып ашылғалы сан алуан оқырмандар мен көптеген қадірлі қонақтар келді. Бірі кітап оқуға, бірі кітапхананы көруге, енді бірі әдемі көріністер түсіру үшін бас сұғады. Осы оқырмандардың негізінен бәрінің іс-әрекеті, болмысы, көзқарасы, сұранысы кітапханашының назарында болады.

Ең атап өтерлік қонақтарымыз – атақты велошабандоз Александр Винокуров келіп, өзі туралы «Александр Винокуров – Олимпийский путь» кітабын қолтаңбасымен сыйлады.

Ағартушы, баспагер, «Отбасы хрестоматиясы» жобасының авторы Санжар Керімбай «Қаныш және Ғылыми Майдан» кітабы бойынша тамаша әдеби кездесу өткізді.

Қазақстанның Халық әртісі, әнші, продюсер Майра Ильясова да біздің кітапханға ат басын бұрып, өз ізгі тілектерін білдірді.

Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстанның мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі Баймұханов Мұхамедқали аударған еңбегі «Шыңғысхан қауымының тарихы» атты кітабын арнайы тарту етті.

Бұдан да басқа аты аталмаған қонақтар мен журналистер, ақын-жазушылар, блогерлер, жоғары билік өкілдері де бар.

Ал тілге тиек етпек болғалы отырған тағы бір есте қаларлық оқырманымыз бар еді.

Бірде есіктен жанарлары нұр шаша кірген екі жас – қыз-жігіт. Сыпай ғана амандасып, кітап алу қағидаларын сұрады. Мен олар туралы мәліметтерді тіркей отырып, көзімнің қиығымен өздеріне жиі-жиі қарағыштап қоямын. Себебі бұл екі жас кітапханаға ерекше сәуле шашып тұрғандай

еді... Жігітке немесе қызға сұрақ қойсаң, жанарлары жадырап, тек күлімдеп тұрып ғана жауап береді. Бақыттан бал-бұл жанған деген осы болар, сірә!..

Қай жерде қандай кітап тұрғанын түсіндірген соң, оларды жеке қалдырдым. Күні бойы келген-кеткен оқырмандармен жүрсем де оларға назарым ауа берді. Бір қарағанымда үстелдің астынан бір-бірінің қолынан ұстап алған, бір кітапқа қатар көз тігіп отыр еді. Тағы бірде кітап сөрелерінің алдында Жібегі Төлегеннің иығына басын сүйей бір қызық әңгіме айтып тұрғандай. Жігіттің жанары әлде бір алысты ойлап тұр. Бәлкім, екеуінің әдемі болашағын ойлап тұрған болар...

Қазіргі алмағайым заманда, шынай мөлдір махаббат пен адал сезім дегеннен жырақ болып бара жатқан қоғамда бұндай ерекше махаббатқа куә болудың өзі бір тамаша сезім сыйлайды екен.

Әдемі кітапханамызда осындай әдемі жұптардың келгеніне қуана қарап тұрып, екеуіне іштей бақыт тілеп, көзіммен шығарып салдым.

«Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен кітапхана» деп Әбіш Кекілбаев айтқандай, кітапхана қашан да рухани қорек көзімен қатар үлкен білімге жетелейтін құдіретті мекен болып қала бермек.

Анаргүл СЛӘМБЕКҚЫЗЫ

ТӘЛІМ

ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫ МИССИЯ

Білімнің бастауында – ұстаз тұрады. Жақсы ұстаздың жетістігі – шәкіртінің жетістігі. Осы бір қарапайым қағида Қосшы қаласындағы ІТ мектеп-лицейінің математика пәні мұғалімі Жақсыбаев Бекарыс Бақтыбайұлының шығармашылық жолына дәл келеді.



Алғашқы жоғары білімін ядролық физика мамандығы бойынша алып, кейін өз жүрек қалауымен математика пәнінің мұғалімі болуды таңдаған Бекарыс Бақтыбайұлы – шын мәнінде өз ісіне жан-тәнімен берілген педагог. Мәскеу қаласында магистратурада білім алып, ғылыми көзқарасы мен терең білімі арқылы оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, пәнге деген қызығушылығын арттырып келеді.

Бекарыс ұстаздың шәкірттері – оның кәсібилігінің, таланты мен ізденімпаздығының айқын дәлелі. 2023-2025 оқу жылдарында 40-тан

астам оқушысы халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық деңгейдегі пәндік олимпиадалар мен ғылыми жарыстарда жүлделі орындарға ие болды. Әсіресе, Қуандықов Али, Жанғазин Исатай, Райымбек Сұлтан, Мұхамедова Анель сияқты дарынды оқушылар бірнеше мәрте республикалық деңгейде топ жарды.

Бекарыс Бақтыбайұлы өзі де білім беру саласында белсенді. Ол қалалық «Lesson Study» семинарына қатысып, әдістемелік ізденістерімен бөлісті, облыстық және қалалық шахмат жарыстарында жүлделі орындар алып жүр. Сондай-ақ «Дарын» ғылы-

ми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Математикалық регата» олимпиадасының жүлдегері атанды.

Ол үшін ұстаз болу – жай мамандық емес, бұл – өмірлік миссия, адами борыш. Оқушылармен жұмыс істегенде олардың қызығушылығын оятып, әр балаға сенім арту арқылы биік белестерге жетелейтін, жүрегі мейірім мен ұстаздық ар-намысына толы мұғалім.

Мұндай ұстаздар мектебіміздің тірегі ғана емес, ұлт болашағының да темірқазығы.

А. Дүйсенова, педагог-шебер

ӨНЕР КӨПКЕ ДЕ ЖЕТКІЗЕДІ, КӨККЕ ДЕ ЖЕТКІЗЕДІ

БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ!

БАЛАҚАНДАРДЫҢ МЕРЕКЕСІ

Мерекелік концерттің шымылдығын Нұрболат Сейітмұратов және ән үйірмесінің дарынды оқушылары «Балдәурен» әнімен ашты. Олардың әуезді әні көрермендерге бірден жылылық пен қуаныш сыйлағандай. Сахна төріндегі өнерпаздар легін «Өнер» жас таланттар академиясы жалғастырып, қазақтың халық әні «Қамажайды» нақышына келтіре орындап, көпшіліктің ықыласына бөленді. Кішкентай өнерпаздардың ішінде ерекше көзге түскен Аяла Оразалы «Дос болу керек» әнімен достықтың маңызын жеткізсе, «Жайна» би тобы мен «KHAMITOVA DOJO» орталығы «Домбыра» биімен сахнаны қыздырып, қазақ өнерінің байлығын паш етті.

«JANA BELES» балаларды дамыту орталығы да бұл мерекеге ерекше дайындықпен келген. Аталған орталықтың тәрбиеленушілері Жақан Бейбарыс пен Ұлан Базарбаев «Жан досыма» әнін орындап, достықтың құндылығын еске салды. Одан кейін Жеңіс Бақберген мен Нұрдаулет Қауланбек «Әке мен бала» әнімен әке мен бала арасындағы ыстық қарым-қатынасты әсерлі жеткізді. «Өнер» жас таланттар академиясының орындауындағы «Достық ырғағы» биі сахнаға ерекше көрік беріп, көрермендерді өнерге тамсандырды.

Мерекелік шара аясында Қосшы қаласы Қоғамдық мәдени-спорт кешенінің басшысы Ақылбек Данабекұлы сөз сөйлеп: «Бала – өмірдің мәні, тіршіліктің сәні. Сондықтан бұл мерекенің маңыздылығы жоғары. Біздің бақытымыз бен болашағымызға айналған балаларға арналған шара сіздерге ұнап жатыр деген сенімдеміз. Аспанымыз ашық, әр күніміз қуаныш пен мерекеге тол-

Жаз мезгілінің алғашқы күні, сиқыр мен ғажайыптың, шаттық пен қуаныштың мерекесі – 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні Қосшы қаласында ерекше салтанатпен аталып өтті. Бұл күн кішкентай азаматтардың бақытты балалық шағын тойлауға арналған нағыз мейрамға айналды. Мерекелік шара Қосшы қаласы Мәдениет үйінің амфитеатрында ұйымдастырылып, жиналған қауымға ауқымды концерттік бағдарлама, есте қаларлық сый-сияпаттар мен тамаша көңіл күй сыйлады.



сын!» деп ізгі тілегін арнады.

Әнші Сара Өсиетқызының «Тәп-тәтті» әні орындалғанда, сахна төрінде Мөлдір Омарованың «Tanup kids models» авторлық киімдер топтамасы көрсетіліп, өнер мен сәннің үйлесімін көрсетті. Бұл – балалардың шығармашылық әлеуетін толыққанды ашуға бағытталған ерекше идея болды. Қарақат Қарабай «Бала тілегі» әнін орындаса, «Айқаракөз» бишілер тобы «Құрбылар» биімен көрермендердің қошеметіне бөленіп, би өнерінің құдіретін паш етті.

Тайтөбе мәдениет үйі жанындағы ән үйірмесінің оқушысы Тоқан

Бұлақ «Жас дәуірдің түлегіміз» әнін нақышына келтіре орындап, жастардың жігерін оятты. «JANA BELES» балаларды дамыту орталығынан келген Нұрайым Раджан, Ясмин Мәктай және Сезім Сафиолда «Бақытты қарсы алайық» әнімен мерекелік көңіл күй сыйлады. Ал «Кәусәр» бишілер тобының орындауындағы үнді биі кешке ерекше экзотикалық реңк қосып, жиналғандарды сиқырлы әлемге жетелегендей болды. Нұрайша Елісжанқызы «Көңілді күн» әнін шырқаса, «Тұмар» би тобы мен «Сауран club» дамыту орталығының орындауындағы «Моншақтар»

биі жиналғандарды таңғалдырды. «Өнер» жас таланттар академиясының оқушылары «Сен сұлу» әнін нақышына келтіре орындаса, Айгерім Дәулетқан «Арманыма асығып барам» әнімен өз өнерін көрсетіп, арманға жету жолындағы талпынысын жеткізгендей. «JANA BELES» балаларды дамыту орталығы заманауи «Step» биімен сахнаны тербеді.

Концерт бағдарламасы әрі қарай Аян Төлегеннің «Бременский музыканты» әнімен жалғасып, ерекше дарынын көрсетті. Таңшуақ Қуантқанқызы «Ертегілер елінде» әнімен балаларды сиқырлы әлемге

жетеледі. «Өнер» жас таланттар академиясының «Би ағыны» биі және «JANA BELES» балаларды дамыту орталығының «Тау ішінде» халық әніне қойылған биі жоғары деңгейде өтіп, халық тамаша қабылдады. Концерт соңында «JANA BELES» балаларды дамыту орталығының әншілері «Қосшы әнім» әнімен мерекелік кешті қорытындылап, жиналған қауымға ұмытылмас әсер сыйлады. Мерекелік бағдарлама аясында қаланың кішкентай тұрғындары жер бетіне қиялға ерік беріп, түрлі бояумен сурет салып, белсендігі үшін сыйлық алды.

Мерекелік концертті тамашалаған карт көрермен Нағима әже өзінің ризашылығын білдіріп, мерекелік шараның жоғары деңгейде өткенін атап өтті. Ол: «Бүгін ерекше күн. Қуанышымызды арттырып, бақытымызды еселеген балалар күні құтты болсын! Бақытты балалық шақ, ашық аспан, тыныштық тілеймін! Концерт өте жоғары деңгейде өтіп жатыр», деп ақ тілегін арнады. Ақ жаулықты ананың осындай жылы лебізі балаларға бақытты болашақ тілеумен қатар, осындай іс-шаралардың маңыздылығын көрсетеді.

Бұл мерекелік шара Қосшы қаласының жас тұрғындары үшін ұмытылмас әсер қалдырып қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен серпін берді. Балаларды қорғау күні – тек сыйлықтар мен ойын-сауықтар күні емес, бұл әр баланың бақытты, қауіпсіз және толыққанды өмір сүруге құқығы бар екенін еске салатын маңызды күн. Қосшы қаласы бұл күнді лайықты тойлап, өскелең ұрпаққа деген қамқорлығын айқын көрсетті.

Гүлназ БИСЕН

БЮДЖЕТ

КӘСІП ТҮБІ – НӘСІП

ТҰРҒЫНДАР ТАҢДАЙДЫ, ӘКІМДІК ІСКЕ АСЫРАДЫ

(Басы 1-бетте)

2025 жылдың көктемінде Қосшы қаласында маңызды қоғамдық бастама – «Халық қатысатын бюджет» жобасы қолға алынды. Игі жоба билік пен қоғам арасындағы сенімді көпірге айналып, жергілікті мәселелерді халықтың өзі шешуге мүмкіндік беретін демократиялық тетікке негізделді.

Жоба аясында кез келген қала тұрғыны өз ауласын, көшесін, тұтас қалалық орта кеңістігін жақсартуға бағытталған ұсыныстарын білдіре алды. Аталған бастама әкімдік тарапынан қолдау тауып, бюджеттен қаржыландырылады, бұл өз кезегінде шешімдердің ашық әрі әділ қабылдануын қамтамасыз етеді.

Қаңтардың 20-сынан бастап наурыздың 1-іне дейін әр тұрғын Қосшы қаласының ресми сайты арқылы өз жобасын ұсынуға мүмкіндік алды. Онлайн-платформа арқылы жүзеге асқан үдеріс қатысушыларға қолайлы жағдай туғызды. Әрбір адам тек бір ғана ұсыныс енгізе алатындықтан, тұрғындар өз жобасын жіті ойластырып, маңыздылығы мен қажеттілігін ескеріп отырды. Әсіресе аула абаттандыруына қатысты бастамалар бойынша көпқабатты үй тұрғындарының жалпы жиналысының хаттамасы талап етілді. Бұл – ұсыныстың көпшіліктің ортақ келісімімен жасалғанын растайтын маңызды қадам.

Барлық түскен ұсыныстар арнайы құрылған Сараптамалық кеңестің талқылауына жолданды. Кеңестің құрамында әкімдік өкілдерімен қатар, сәулетшілер, инженерлер, қоғам белсенділері болды. Олар әр жобаны заңға сәйкестік, әлеуметтік маңыздылық, идея тұтастығы, болжамды құны мен инфрақұрылымдық мүмкіндіктер тұрғысынан егжей-тегжейлі саралады. Аталмыш кезең – ұсыныстардың әділ және жан-жақты іріктелуіне жол ашқан шешуші сәт болды.

Сәуір айының басында кеңес дауыс беруге жіберілетін жобалардың тізімін бекітті. 1–24 сәуір аралығында электронды форматта өткен дауыс бе-

руге қаланың әрбір тұрғыны қатысып, өз таңдауын жасай алды. Тәулік бойы қолжетімді электрондық жүйе халықтың жоғары деңгейдегі белсенділігін қамтамасыз етті. Нәтижесінде ең көп дауыс жинаған, кемінде 10 адамның қолдауына ие болған жобалар келесі кезеңге – тікелей іске асыруға өтті.

Қосшы қаласы әкімдігінің ресми ақпаратына сәйкес, 2025–2026 жылдары төмендегі мекенжайлар бойынша абаттандыру жұмыстары басталады:

Аталған аулаларда көгалдандыру, балалар және спорт алаңдарын орнату, жарықтандыру жүйесін жақсарту сынды жұмыстар жүргізіледі. Барлық іс-шаралар тұрғындардың тілектері мен қаланың техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Жұмысты орындаушылар тендер арқылы анықталып, сапалы әрі тиімді жұмысқа бағытталады.

Әкімдік жобаларды жүзеге асыру барысында дауыс саны мен сарапшылардың ұсыныстары негізінде кезектілікті сақтайды. Әр кезеңнің барысы мен нәтижелері туралы мәліметтер әкімдіктің ресми сайтында тұрақты түрде жарияланып отырады. Бұл ашықтық тұрғындардың сенімін арттырып, бюджет қаражатының әділ жұмсалуына кепіл болады.

Тұрғындар жобалар туралы толық ақпарат алғысы келсе немесе сауалдары болса, Қосшы қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің маманымен тікелей байланыса алады: +7 701 123 4893

«Халық қатысатын бюджет» – ел ішіндегі азаматтық жауапкершіліктің көрінісі, тұрғындардың қала тағдырына бейжай қарамай, өзгеріс жасауға қауқарлы екенін көрсететін нақты қадам. Қосшы қаласындағы бұл үдеріс тек инфрақұрылымды жаңғыртуға емес, сонымен қатар тұрғындар мен билік арасындағы сенім мен әріптестікке негізделген жаңа мәдениетті қалыптастыруға жол ашуда. Ортақ мүдде жолында жұмылған жұдырықтай әрекет – нағыз қоғамдық келісім мен өркениетті даму үлгісі.

Еңбек нарығында сұранысқа ие болу үшін жаңа мамандық меңгеру немесе бұрынғы біліктілікті арттыру – бүгінгі таңда әрбір азамат үшін маңызды. Осы мақсатта елімізде кәсіптік оқыту бағдарламалары жүзеге асырылуда. Бағдарлама аясында кәсіби даярлау, қайта даярлау, жаңа кәсіптерді меңгеру және еңбек дағдыларын жетілдіру қарастырылған.

ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСҚА СЕНІМДІ ЖОЛ

Кәсіптік оқыту жұмыс берушілердің сұранысы бойынша оқу ұйымдарында да, сондай-ақ жұмыс берушілердің өз өндірістік базасында да өткізіледі. Оқу мерзімі таңдалған мамандыққа байланысты өзгеріп отырады, бірақ жалпы ұзақтығы 6 айдан аспайды. Қысқа мерзімді кәсіптік оқудан өту үшін азаматтар тұрғылықты жері бойынша Мансап орталығына жүгінуі қажет. Ал ауылдық елді мекендерде тұратын азаматтар кенттердің, ауылдық округтердің немесе аудандық маңызы бар қалалардың әкімдіктеріне өтініш бере алады.

Оқуға қатысатын азаматтар мемлекет тарапынан жан-жақты қолдауға ие болады. Атап айтқанда, оқу ақысы толық көлемде өтеледі. Сонымен қатар қатысушыларға стипендия немесе жалақы төленеді, жол жүру шығындары қарастырылады. Егер оқыту басқа елді мекенде өтетін болса, тұрғын үйді жалдау бойынша шығындарды жабуға материалдық көмек көрсетіледі.

Кәсіптік оқуға жіберілу үшін төмендегі құжаттар қажет:

- өтініш;
 - жеке басын куәландыратын құжат;
 - еңбек қызметін растайтын құжаттар (бар болса);
 - білімі туралы құжат (аттестат, куәлік, диплом), сондай-ақ оқытудан өткенін растайтын құжаттар (куәлік, сертификат);
 - 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтаманың көшірмесі.
- Оқуды сәтті аяқтаған соң жұмыс беруші мен қатысушы арасында әлеуметтік келісімшарт жасалады. Бұл келісімге сәйкес, оқу ұйымында білім алған азаматтар кемінде 6 ай мерзімге жұмысқа орналастырылады. Ал өндірістік жерде оқып, тәжірибе жинақтағандар кемінде 12 ай жұмыс орнымен қамтамасыз етіледі.
- Кәсіптік оқыту – бұл кәсіби дамуға жол ашатын, табысты еңбек етуге бастайтын тиімді бағдарлама. Жаңа дағды, нақты қолдау, сенімді болашақ – барлығы сіздің қолыңызда!

Жанар АХМЕТОВА

АДАМ ЖӘНЕ ЗАМАН

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНЕН ЖАСТАРДЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

Қазіргі заманның күрделі мәселелерінің бірі – діни экстремизм. Бұл құбылыс, әсіресе жастар арасында өз ықпалын жүргізіп, қоғам қауіпсіздігіне қатер төндіріп отыр. Жаһандану дәуірінде ақпарат еркін таралып, түрлі идеологиялар ашық насихатталатын уақытта жастардың санасын жат ағымдардан қорғау – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті.

Экстремизм дегеніміз – заңсыз, агрессивті жолмен өз пікірін тықпау, басқа көзқарастарды жоққа шығару, діни ұстанымды саяси құралға айналдыру. Ал діни экстремизм – дін атын жамылып, қоғамда алауыздық туғызатын, қантөгіске дейін баратын радикалды әрекеттер жиынтығы. Мұндай теріс пиғылды ұйымдар әсіресе жастарды арбайды, өйткені жастар – ізденіс үстінде, болашаққа сеніммен қарайтын, бірақ әлеуметтік әділетсіздікке сезімтал, өмірлік тәжірибесі аз буын.

Жастар неліктен оңай арбалады? Жастардың діни радикал ағымдарға оңай арбалуының бірнеше себебі бар. Біріншіден, олар рухани ізденісте болған кезде өмірдің мәні мен мақсатын түсінуге тырысады. Бұл кезеңде дұрыс бағыт-бағдар берілмесе, жастар жалған уәделерге сеніп, шындық пен өтірікті ажырата алмай қалуы мүмкін.

Екіншіден, әлеуметтік жағдай да әсер етеді. Жұмыссыздық, білімсіздік, отбасындағы қиыншылықтар, қоғамда өз орнын таппау – мұның бәрі деструктивті діни бағытқа түсіп кетуге ықпал болуы мүмкін. Мұндай кезде экстремистік топтар өздерін «құтқарушы» ретінде өзін таныстырып, жалған идеологиясын танады.

Үшіншіден, интернет пен әлеуметтік желілердің ықпалы зор. Қазіргі жастардың басым бөлігі ақпаратты ғаламтордан алады. Өкінішке қарай, ол жерде радикал-

ды ағымдардың үгіт-насихаты да көптеп кездеседі. Білімсіз немесе діни сауаты таяз жастар мұндай материалдарға сеніп қалып жатады.

Бұдан қорғанудың жолы – білім мен тәрбие. Жастарды діни экстремизмнен қорғаудың ең басты жолдарының бірі санада дұрыс ақпарат қалыптастыру. Әсіресе діни сауаттылықты арттыру аса маңызды. Жасөспірімдер мен студенттерге діннің шынайы мәні, оның гуманистік қағидалары, толеранттылық пен бейбітшілікке шақыруы дұрыс түсіндірілуі тиіс. Бұл ретте арнайы дәрістер, кездесулер ұйымдастырылып, білікті теологтар мен дінтанушылар жастармен жиі тікелей жұмыс істеуі қажет. Қосшы қаласы аумағында да қалалық әкімдіктің қолдауымен жыл сайын жастарға арналған ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізіліп келеді.

Сонымен қатар зайырлы білім де маңызды рөл атқарады. Ғылыми дүниетаным, сыни ойлау қабілеті, ақпаратты саралап қабылдау мәдениеті қалыптасқан жастар радикал идеологияға төтеп бере алады. Сол себепті патриоттық тәрбие мен азаматтық жауапкершілікті арттыруға баса назар аудару қажет.

Отбасының рөлі де аса маңызды. Бала тәрбиесі, оның тұлғалық қалыптасуы ең алдымен ата-ананың қолында. Отбасында берілген құндылықтар, адамгершілік тәрбие, шынайы сенім бұл экстремизмге қарсы ең мықты қалқан.

Қоғамда діни экстремизммен күрес туралы сөз қозғалғанда көбіне мемлекет пен құқық қорғау органдарының, оқу орындары мен дін мамандарының жұмысы айтылып жатады. Алайда бұл мәселеде ұмыт қалмауы тиіс ең маңызды тарап – ата-ана. Себебі баланың ең алғашқы тәлім-тәрбиесі, дүниетанымы мен рухани негізі отбасында қалыптасады немесе көрінеді.

Әрбір бала ата-анасының айнасы. Қандай ортада өссе, қандай әңгіме тыңдаса, соны санасына сіңіреді. Егер отбасында мейірім мен түсіністік, өзара сыйластық болса, балада өмірге сенім, қоғамға деген оң көзқарас қалыптасады. Ал керісінше, отбасында ұрыс-керіс, салқындық, қадағалаусыздық болса, бала сыртқы ықпалға тез берілгіш болады.

Радикалды ағымдардың жасты арбаудағы негізгі әдісі рухани әлсіз, жалғызсыраған, қолдаусыз қалған жастарды нысанаға алу. Мұндай жастар көбінесе отбасынан қажетті жылулықты таппағандар болып шығады. Демек, бала тәрбиесіне немқұрайлы қарау баланың болашағына кері әсер етуі мүмкін.

Көптеген ата-ана баласының дінге қызығушылығын байқап, оны қолдағанымен, оның қандай бағытқа бет алғанын бақыламай немесе ажырата алмай жатады. Бұл үлкен қателік. Жастар көп жағдайда өздігінен интернеттен ақпарат іздейді, ал ол жерде шынайы



дін мен жалған ілімнің аражігі әрқашан анық бола бермейді. Сондықтан ата-ананың өзі де діни сауатты болуы маңызды.

Баламен терең әңгімелеспей, тек бұйырумен, талап қоюмен шектелу бұл баланың сырын іште сақтап, ата-анасынан алыстауына себеп болады. Ал экстремистік идеологиялар осындай бос кеңістікті толтыруға ұмтылады. Сол үшін ата-аналар баламен ашық, сенімді диалог жүргізе білуі керек. Оның қызығушылығын, қорқынышын, армандарын түсінуге тырысу баланың санасына бөгде ойлардың енуіне тосқауыл болады.

Жастар өз ортасының ықпалында да болады. Сол себепті ата-ана баласының кіммен араласатынын, қандай сайттарды қарайтынын, интернеттен қандай видеолар көретінін білсе, бұны болашағына деген аландаушылық деп білу қажет. Бұл жердегі басты мақсат тыйым салу емес, бірге қызығушылық таныту, баламен бірге іздену. Мысалы, балаңыз қай жерден білім алып жүр? Қай уағыздарды тыңдайды? Міне, осыны бейжай қалдырмау қажет. Егер бала радикалды бағытқа бет алса, оның тілі, киімі, мінезі

өзгере бастайды. Мұндай белгілерді ерте байқау үлкен мәселелердің алдын алады.

Мемлекет тарапынан қабылданған діни экстремизмге қарсы заңдар мен бағдарламалар бар. Алайда бұл бағыттағы жұмыстарды тек мемлекетпен шектеуге болмайды. Қоғам белсенділері, үкіметтік емес ұйымдар, еріктілер қозғалысы да бұл іске белсенді араласуы тиіс.

Қорыта келе, діни экстремизм қоғам үшін қауіпті құбылыс. Бұл қауіп әсіресе жастарға қатты әсер етеді. Сондықтан бұл мәселеге тек қауіпсіздік тұрғысынан емес, тәрбиелік, білімдік, әлеуметтік, психологиялық тұрғыдан қарау қажет. Жастарды қорғау тек мемлекеттің ғана емес, әрбір ата-ананың, ұстаздың, қоғам мүшесінің азаматтық міндеті. Біз оларды жалған идеологиядан сақтап, шынайы өмірлік құндылықтарға жетелегенде ғана ертеңгі күнге сеніммен қарай аламыз.

**«ALDASPAN» талдау орталығы»,
Қосшы қаласы ішкі саясат,
мәдениет, тілдерді дамыту және
спорт бөлімінің мемлекеттік
әлеуметтік тапсырысы бойынша**

ЖЕГІ ҚҰРТ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ӘДІСТЕРІ

Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық азаматтардың өмір сүру деңгейі мен әл-ауқатына тікелей әсер ететін қазіргі қоғамның негізгі проблемаларының бірі болып табылады. Әлемдегі бірде-бір мемлекет сыбайлас жемқорлықты толығымен жойған жоқ, тек оның деңгейін төмендетуге болады. Біздің мемлекетіміздің осы әлеуметтік зұлымдықпен белсенді күресіп жатқаны қуантады, оны төмендету үшін қабылданып жатқан шаралар осының жарқын дәлелі болып табылады.

Айта кету керек, 2022 жылы Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының Тұжырымдамасы бекітілді. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы қабылданған сәттен бастап біздің мемлекетімізде сыбайлас жемқорлықты барынша азайту бойынша орасан зор жұмыс жүргізілді.

Мәселен, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» ҚР Заңымен мемлекеттік қызметтің «мансаптық» моделіне көшу қамтамасыз етілді, ашық конкурстық іріктеу, құзыреттілік негізінде ілгерілету тетіктері арқылы меритократия қағидаттары енгізілді. Командалық орын ауыстыру үшін жағдайлар

қысқартылды, мемлекеттік қызметшілердің тиімділігін бағалау жүйесі түбегейлі қайта қаралды, жұмыс нәтижелеріне байланысты еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі сынақтан өткізілді.

Осы жаңа енгізулердің арқасында материалдық, әлеуметтік жағдайы мен мәртебесіне қарамастан, барлық азаматтардың қалаған лауазымға орналасуы мүмкіндігі бар; биліктің жоғарғы эшелондарында туыстық байланыстар мен таныстардың болуы оның жұмысқа орналасуына да әсер етпейді. Бұл қазіргі мемлекеттік қызметшілерге оларды жоғарылату кезінде де қатысты.

Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға нөлдік төзімділікті

қалыптастыруға өте оң әсер етеді.

Айта кету керек, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін жұртшылықтың әлеуеті белсенді пайдаланылуда, бірқатар үкіметтік емес ұйымдар ұсынған қоғамдық бақылау күшейтілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жанынан қоғамдық өкілдерден тұратын арнайы мониторингтік топтар құрылды, олардың басты мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның іске асырылуын бағалау.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың маңызды факторларының бірі бизнес-процестерді автоматтандыру болып табылады. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қазақстандықтардың мемлекеттік қызметтерін алу үшін



қолайлы жағдай жасауға, сондай-ақ мемлекеттік органдарға жүгінген кезде тікелей байланысты болдырмауға арналған.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметті «бір терезе» қағидаты бойынша алуға болады, халыққа қызмет көрсету орталықтарына немесе электрондық үкімет порталы арқылы жүгіну жеткілікті (www.egov.kz).

Алдын алу шараларынан басқа, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ету күшейтілді. Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін мемлекеттік қызметке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасуға өмір бойы тыйым салынды.

Сонымен қатар ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қыл-

мыстары үшін сотталғандар үшін шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі алынып тасталды. Парақорлық үшін жазаны ең төменгі қауіпсіздік мекемесінде бірден өтеуге тыйым салынды.

Сыбайлас жемқорлық – терроризммен және елдің қорғаныс қабілетінің төмендеуімен қатар мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне аса маңызды қатерлердің бірі. Бұл мәселеге Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкімет тарапынан ерекше көңіл бөлінуі бекер емес. Мемлекеттегі сыбайлас жемқорлықты жою өмірдің барлық салаларына оң әсер етеді: денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және т.б.

Бұл ауруға қарсы тұру – елдің әрбір азаматының міндеті!

АУЫЛДАН ШЫҚҚАН ЖАУЫНГЕР

МЕНІҢ АТАМНЫҢ МАЙДАНДАҒЫ ЖОЛЫ

Менің атам Маултай Сыдықов Семей облысы Ақсуат ауданының Көктүбек ауылында 1919 жылы дүниеге келген. 1939 жылы желтоқсан айының аяғында Совет армия қатарына шақырылады. Беларусь Республикасының Минск қаласында 250 артиллерия полкында әскери қызметін атқарады. Полк мектебінде байланысшы курсын оқыды.

Бұл жазбаны Екінші дүниежүзілік соғыстың 40 жылдығында біздің көршіміз, Көкжыра ауылы М.Әуезов атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Баяхметов Сұлтан аға атаммен кездесіп, сұхбат алып, жазып қалдырған екен.

Атамның күнделігінен:

«1941 жылдың жазы. Бүгін де күн күндегідей тыныш еді. Барлық жұрт, көктемнің қызу шаруасына кірісіп жатқан-ды. Бірақ бір

күнде қала ішіне суық хабар тарады – соғыс басталды...»

Маултай атам сол кезде 22 жаста ғана еді. Жүрегі «елім» деп соққан ол кісі көп ойланбастан, майданға аттануға шешім қабылдайды.

«Ел басына күн туғанда ер етігімен су кешпесе, намыс қайда?!» деп, әскери комиссариатқа өзі сұранып барып, майданға жазылады.

1941 жылдың 23 шілдесінде жаңадан құрылған Морозов атындағы 29 кавалерия-

лық дивизияның құрамына кіріп, Беларусь-тың Молодечно станциясында алғаш рет немістерге қарсы соғысқа қатысады.

1941 жылы 29 қазанында Чкаловск қаласында 29 кавалериялық дивизияда атты әскер барлаушыларының взвод командирінің орынбасары болады. Батыс Беларусь майданының құрамында екі рет соғысқа қатысып, Смоленск, Великие Луки, Харьков қалаларын азат етеді. Бұл атам қатысқан ұрыстардың тек бірнешеуі ғана.

Фашистік Германияның шабуылын тойтарып, қатты соққы бере отырып, Отанымыздың шекарасынан қуып шығуға 25 км қалғанда, 1944 жылы 1 ақпанда ауыр жараланады. Уфа қаласындағы ЭГ-5915 әскери госпиталінде 6 ай емделеді.

Түн ұйқысын төрт бөліп, суық окопта жатса да, Отан алдындағы борышын адал атқарды. Оның ерлігі үшін бірнеше медальдармен марапатталады. Омырауындағы «Қызыл Жұлдыз», «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдары – соның куәсі.

Соғыс аяқталып, елге оралғанда, ауыл оны ерекше құрметпен қарсы алды. Бірақ атам ешқашан ерлік жасадым деп кеуде қаққан жоқ. Қайта: «Біздің қайтпаған талай достарымыз бар, солар шын батыр еді», дейтін әрдайым.

Бейбіт өмірде ауыл шаруашылығында еңбек етіп, ұрпақ тәрбиеледі.

Атамыздың өмір жолы – ерлік пен еңбекке,



төзім мен сабырға толы жарқын үлгі.

Ерлік – сөзбен емес, іспен дәлелденетін қасиет. Осы қасиеттің жарқын үлгісін мен өз атамның өмірінен көремін. Ол – Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, ел үшін жанын шүберекке түйіп, от пен оқтың ортасынан аман оралған жауынгер.

Атамның кеудесінде жарқыраған медальдары – тарихтың үнсіз куәгері. Ол ордендер – тек темір емес, әрқайсысында жүреппен төгілген қан мен тер, жанқиярлық пен сабыр жатыр. Осы ерлігі үшін мен әрқашан атаммен мақтанамын.

Ерлік – ұрпаққа үлгі. Атам сияқты ержүрек азаматтар болмаса, бүгінгі бейбіт өмір де болмас еді. Сондықтан мен ерлік деген ұлы ұғымды жүрегімде мәңгі сақтаймын. Атам – менің мақтанышым, менің үлгі тұтар тұлғам! Мен атамның ұрпағы болғанымға қуанамын. Оның ерлігі – менің жүрегімде мәңгі сақталады.

Қазіргі кезде артында қалған ұрпақтары – балалары, немерелері, шөберелері атамызды мақтанышпен айтып, сағына еске аламыз.

Немересі Әсемгүл Маултаева,
Қосшы қаласы

ТӘЛІМ

ҚАРТТАР – ӨМІРДІҢ ШЕЖІРЕСІ

Қоғамның рухани биігі мен адамдық келбеті – қарттарға деген көзқарастан көрінеді. Өйткені әрбір қария – жылдар мен жолдардың куәсі, жүрегінде ғасырлық тарихтың сыны қалған, көкірегінде ел шежіресі шекеленген алып бәйтерек.

Сол бәйтерек көлеңкесінде ұрпақ өніп, сана мен салт тамыр жайды. Ал сол көлеңке кейде елеусіз, кейде ескерусіз қалатыны – бүгінгі күннің жүрек сыздатар шындығы. Мен өзімді бақытты жандардың қатарына қосамын. Себебі, мені тербеткен бесік ата-анамның емес, ата-әжемнің қасындағы қараша үйдің төрінде тұрғандай. Тағдыр мені 8 айымда сол кісілердің құшағына табыстапты. Сол сәттен бастап мен – даланың иісін сіңірген, бәйтеректей бабалар сөзін құлағына құйып өскен бала болдым. Атамның әрбір ақылы мен үшін өмір сабағы болды. Апамның алақаны – менің алғашқы мейірім мектебім еді.

Олардың аузынан шыққан әр сөз – шежіре, әр іс – өнеге. Апам таңмен таласа тұрып, самаурынның шоғын үрлегенде, соның ыстық буымен бірге өмірдің тұнық иісін сезетінмін. Атам маған бесік жырының мәнін, маңдай тердің қадірін, бір ауыз сөздің салмағын үйретті. Сол күндер мен үшін алтын дәуір, әр сәті – жүрекке жазылған өлең жолдарындай мәңгі.

Қазір ойласам, мен сол қарттардың қасиетті тәрбиесімен емес, ұлттың жүрегімен өскен екенмін. Олар маған кітаптан оқылмайтын өмір сабағын берді. Тіпті үнсіз отырудың, терең ойланып сөйлеудің, жанға тіке қараудың өзі – тәрбиенің тілі екенін мен сол кісілерден білдім.

Бүгінде көп үйде қария жоқ. Үнсіз қалған төрде жыр айтылмайды, кеңес айтатын кемеңгер де, дастархан басындағы тұғыр да солармен бірге ұмытылып барады. Ал мен үшін олар – ұмытылмайтын бейне. Әжемнің алақанын сағынғанда, көктемгі жаңбырдың иісінен мейірім іздеймін. Атамды ойласам, самал желдің арасында оның баяу үні естілетіндей болады. Өйткені олар менің жанымда ғана емес,



жанымның ішінде.

Қарттар – өмірдің шежіресі ғана емес, сол шежірені тірідей арқалап жүрген тірі тарих. Олар – ұлттың алтын қазығы. Сол қазық босап кетсе, ұрпақтың бағыты бұлыңғыр тартып кетпей ме? Қарттарға қамқор болу – құр міндет емес, рухани борыш. Әр қария – өмірдің кітабы. Ол кітап жабылмасын десек, әрбір бетіне құрметпен қарап, жылылықпен сөйлеуіміз керек. Себебі біз ертең сол кітаптың жалғасына айналамыз..

БАЯН НАҒАШЫБАЙ, “Бонус” шығармашылық бастамалар орталығы

МАМАН ТҮСІНДІРМЕСІ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Ақмола облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті «Онлайн бюджеттік мониторинг» модулі арқылы жалақы төлеудің жүргізілген мониторингінің нәтижелері.

ОНЛАЙН БЮДЖЕТТІК МОНИТОРИНГ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Стратегиялық жоспары шеңберінде Ақмола облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (Одан әрі - «Департамент») бұзушылықтарды уақтылы анықтау және жолын кесу, Ақмола облысының мемлекеттік органдары мен квазимемлекеттік сектор объектілерінің бюджет қаражатын толық және уақтылы игеруге бағытталған ішкі процестердің тиімділігін арттыру бойынша белгілі бір жұмыс жүргізуде. Барлық аудиторлық тексерулер тәуекелдерді басқару жүйесіне негізделген және бұзушылықтарды ғана емес, олардың пайда болу себептерін де анықтауға және уақтылы жоюға бағытталған.

Жедел ден қою шараларын қабылдау және бюджет қаражатының тиімсіз және негізсіз пайдаланылуын болғызбау мақсатында қазынашылық органдары әзірлеген тәуекелдер бейіндерінің негізінде алынған тәуекелдік төлемдер мен шарттар талданады.

Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласындағы жалақыны төлеуге бағытталған бюджет қаражатының пайдаланылуын бақылауды күшейту мақсатында Ішкі мемлекеттік аудит комитеті (бұдан әрі - Комитет) «Онлайн бюджеттік мониторинг» Модулінің (бұдан әрі-ОБМ) функционалын кеңейтті.

Департамент 2025 жылғы 1 қаңтардан 21 мамырға дейінгі кезеңде жалақыны өтеу арқылы төлеуге мониторинг жүргізді және жалпы сомасы 1 млрд 554 млн теңгеге 4 344 тәуекел төлемдері (1 177 жеке тұлға) бойынша барлығы 227 ден қою хаттары (хабарламалар) жолданды, оның ішінде:

- білім беру саласында-жалпы сомасы 1 млрд 443 млн теңгеге 4 040-ші тәуекел төлемдері (1 043 жеке тұлға) бойынша 175 хабарлама;
- дене шынықтыру және спорт саласында-жалпы сомасы 75 млн 335 мың теңгеге 223 тәуекел төлемі бойынша 26 хабарлама (75 жеке тұлға);
- мәдениет саласында-жалпы сомасы 15 млн 021 мың теңгеге 35 тәуекел төлемі бойынша 19 хабарлама (29 жеке тұлға).

«Карт-шот бойынша жеке тұлға деректерінің сәйкес келмеуі» бейіні бойынша 34 тәуекел төлемінің ішінде тәуекелдің ең көп бөлігі Шортанды ауданының мәдениет объектілеріне тиесілі екенін атап кеткені жөн.

Сондай-ақ денсаулық сақтау саласында-жалпы сомасы 20 млн 685 мың теңгеге 46 тәуекелді төлем (30 жеке тұлға) бойынша 7 хабарлама жолданған.

Ақмола облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті



ӨСЕТІН ЕЛДІҢ ҚАРТЫ ҚАЗЫНА БОЛАР, ӨСПЕЙТІН ЕЛДІҢ ҚАРТЫ ҚАЗЫМЫР БОЛАР

ПОД КОНТРОЛЕМ

СТРОИТЕЛЬСТВО ВАЖНОГО ОБЪЕКТА ПРОДОЛЖАЕТСЯ

Вопрос качественного водоснабжения – одна из главных задач, стоящих сегодня перед городами Казахстана. Для жителей Косшы эта тема особенно важна, поскольку комфорт и здоровье напрямую зависят от надёжности и чистоты воды, поступающей в их дома. Недавно прокурор города Косшы лично ознакомился с ходом строительства социального объекта, призванного решить эту насущную проблему.

В Косшы продолжается строительство важного социального объекта – новой водопроводной сети, реализуемой за счёт активов, возвращённых в государственную собственность. Этот масштабный проект направлен на обеспечение жителей города качественной и стабильной питьевой водой. Обеспечение населения чистой водой является одним из приоритетов государственной политики, ведь от этого напрямую зависят здоровье и благополучие граждан. Новая система водоснабжения позволит не только улучшить качество воды, но и повысить надёжность и эффективность коммунальных услуг в целом.

По состоянию на начало июня 2025 года выполнено уже более 70% запланированных строительных

работ. Завершение водопроводной сети запланировано на конец текущего года, что свидетельствует о серьёзной подготовке и организации процесса. Кроме того, особое внимание уделяется контролю качества материалов и работ, чтобы новая инфраструктура служила городу долгие годы без перебоев и сбоев.

Прокурор города Косшы Д.Избасаров вместе с представителями местных исполнительных органов посетил строительную площадку, чтобы лично ознакомиться с ходом реализации проекта. Визит руководителя прокуратуры подчеркнул важность этого социального объекта для всего региона и подтвердил высокий уровень внимания, уделяемого контролю за использованием средств.

Следует отметить, что все объекты, возводимые за счёт возвращённых в государственную собственность активов, находятся под личным контролем Генерального Прокурора Республики Казахстан Берика Асыллова. Такой подход обеспечивает прозрачность финансирования, а также гарантирует эффективное и целевое расходование бюджетных средств, что в конечном итоге приносит пользу жителям.

Реализация данного проекта является важным шагом в комплексном улучшении коммунальных услуг и создании комфортных условий для жизни горожан. Обновлённая водопроводная сеть станет не только техническим достижением, но и значимым вкладом в социальное разви-



Фотографирует: Азамат Аманжол

тия города. Благодаря этому жители получают возможность пользоваться качественной водой без перебоев, что положительно скажется на здоровье, гигиене и общем уровне жизни.

Такой пример успешной реализации социально значимых проектов демонстрирует системный подход власти к развитию инфраструктуры и заботу о каждом гражданине.

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

РАБОТА И РЕЗУЛЬТАТЫ
НА ПЕРВОМ ПЛАНЕ

Состоялось очередное отчетное собрание первичной партийной организации «Сенім» с участием депутата Акмолинского областного маслихата, руководителя и членов депутатской фракции партии «AMANAT» в городском маслихате. Живой диалог, открытость позиций и заинтересованность участников сделали обсуждение по-настоящему содержательным и значимым.

В ходе встречи исполнительный секретарь городского филиала партии «AMANAT» Р.Сейдахметов выступил с докладом о деятельности филиала, реализуемых проектах и результатах партийной работы на местном уровне. Он подчеркнул, что работа партии ориентирована на конкретные действия и решение актуальных вопросов, волнующих жителей города и его окрестностей.

Председатель первичной партийной организации «Сенім» Г.Алиева подвела итоги деятельности организации за первый квартал 2025 года, отметив ключевые инициативы и мероприятия, реализованные с участием партийного актива. Она также представила план работы на предстоящий период, акцентируя внимание на необходимости активного взаимодействия с населением и усиления партийной дисциплины.

С докладом об исполнении предвыборной программы партии «AMANAT» на 2022–2026 годы выступил аким села Тайтөбе П.Досмаганбетов, избранный от партии. Он подробно рассказал о проводимой работе по решению инфраструктурных вопросов, улучшению социальной сферы и обеспечению жизнедеятельности села, обозначив достигнутые результаты и текущие вызовы.

Депутат областного маслихата А.Төребаев в своём выс-



Фотографирует: Азамат Аманжол

туплении обратил внимание на реализацию положений партийной программы в городе Косшы и, в частности, в селе Тайтөбе. Он отметил значимость диалога с жителями, необходимость системного подхода к решению проблем на местах и важную роль партийных структур в этом процессе.

Обсуждение прошло в формате открытого диалога. Участники встречи обменялись мнениями по вопросам, представляющим интерес для местного сообщества, отметили значимость конструктивного взаимодействия и выразили готовность к совместной работе в рамках партийных

инициатив.

